

Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі» КММ
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру бойынша 2024-2025 оқу жылының
атқарылған тәрбие жұмысының мәтіндік есебі.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» өзекті мәселесін басшылыққа ала отырып және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың , бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.07.2024 ж. № 194 бұйрығымен енгізілген бекітілген 2024-2025 оқу жылына жылдық жоспар жасалынып бекітілді.

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу: отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу; адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту; табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту: елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату; отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру; өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу; әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Күнделікті:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б ойындар үзіліс кезінде өткізіледі.



«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

«Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

апта сайын:

«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде орналастырылды.

«Бір тұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде 1 қыркүйек білім күні аясында «Мектебім- мейірім мекені» тақырыбы бойынша өткізілген салтанатты жиыны болып өтті. 2024 жылғы 1 қыркүйекте «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында білім күніне арналған салтанатты жиын өтті. Бұл іс- шараға мектеп ұжымы, оқушылар ата аналар және құрметті іқонақтар қатысты.

Салтанатты жиын мектеп басшысының құттықтау сөзімен басталды, онда жаңа оқу жылының басталуымен барлығын құттықтап оқушыларға білім жолында табыстар тіледі. Сондай ақ қонақтар атынан құттықтау сөздер айтылды, және де мектепалды даярлық сынып оқушыларына ерекше назар аударылды. Іс-шара барысында оқушылар өнер көрсетті.

9- сынып оқушылар мектепалды даярлық сынып оқушыларына құттықтау сөз сөйлеп оқу құралдарын табыстады.



1 қазан – Қарттар күніне орай «Қоғамға қызмет ету» тақырыбында қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. Бұл іс-шара барысында ауылымыздың қарттарына ерекше назар аударылып, олар мерекемен құттықталды. Мектеп оқушылары мен мұғалімдер қарттарға арнап мерекелік көңіл-күй сыйлап, мерекелік дастархан, тәтті сыйлықтар табыс етті. Ауылдың қарттарына алғыс білдіру мақсатында арнайы дайындалған іс-шара барысында әндер айтылып, құттықтаулар жолданды. Қарттар өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, жастарға жылы тілектерін айтты.



«Даналық ұстаздан» тақырыбында өткен челлендж ұстаздар қауымының рөлін дәріптеуге, олардың даналығын, тәжірибесін және біліктілігін насихаттауға бағытталған іс-шара болды.



«Күзгі асар» жәрменкесі 2-9 сыныптар арасында өткізілді. Жәрменкеде оқушылар күзгі өнімдерді, сондай-ақ қолөнер бұйымдарын, сәндік заттарды және басқа да шығармашылық жұмыстарын ұсынып, қатысушыларды тартты.

«Еңбегі адал - жас өрен» жобасы аясында «Күзгі асар» жәрменкесі ұйымдастырылды.



Оқушыларға жыныстық тәрбие мәселелері бойынша кеңес беру, алдын алу мүмкіндіктері көрсетілген түсіндіру шаралары жүргізілді



«Республикам – мақтанышым!» тақырыбында сынып сәттары өтті.



«Төрт тоқсанға - төрт өнер» жобасы аясында «Ақындар айтысы» поэтикалық сайыс өткізілді.



Республика күніне арналған жалпы мектепшілік іс-шара өтті.



Ата-аналар жиналысы



Қараша айы

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

Отбасы – барлығымыздың жүрегімізге ең жақын сөз. Ол – махаббат пен тыныштықтың, мейірім пен жарасымның, қуаныш пен мерекенің мекені. Адам баласының өсіп-өнетін алтын ұясы.

«Отан – отбасынан басталады» дегендей отанды сүю – отбасынан басталатыны рас! Себебі, отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы баспалдағы. Демек, отбасы – бала бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың қайнар бұлағы, бастауы. Әр үйде балалар санасына ұлттық құндылықтарға деген көзқарастар жүйесін, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, даналық сөздерді, тыйым сөздерді, тәрбиелік мәні жоғары үлгілерін сіңіретін де отбасы.

Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші ата-ана.

I-оқу тоқсанының аяқталуына байланысты 2-9 сыныптың кезекті ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналыс барысында күн тәртібіндегі мәселелерге тоқтала келіп, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жұмыстары таныстырылды, сынып жетекшілер мамандық таңдау бағытында «Сен жанбасаң лапылдап», «Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы», «Атадан-өсиет, анадан -қасиет» және «Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны» тақырыптарында таныстырылымдар көрсетіп, баяндамалар оқыды.

Жиналыс соңында ата-аналар мектеп ұжымына алғыстарын жаудырып, мұғалім, мектеп, ата-ана үштік одағы біріксе, бала тәрбиесі жоғары сатыда болып, еліміздің болашағы балалар білімді де тәрбиелі, алғыр болып өсетініне сенім білдірді.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Мектептің тәрбие қызметі үш салада жүзеге асады: оқыту барысында, сабақтан тыс, мектептен тыс қызметте. 2. I жартыжылдық бойынша сынып сағаттарының жүйелі болуы. 3. Қауіпсіздік сабақтарының 10 минутқа кіріктілуі. 4. Апта дәйек сөздерінің іске асырылуы. 5. Мерекелік іс-шаралардың ұйымдастырылу жұмыстары тиянақты жұмыс атқаруы. 6. Тәрбие жоспарына сәйкес іс-шаралардың	1. Кейбір мұғалімдердің кезекшілікке жауапсыздық танытуы. 2. Жоба жұмыстарының әлсіздігі. 3. Әлеуметтік көмек көрсетуші демеушілердің тапшылығы 4. Оқушылардың сабаққа кешігіп келуі және себепсіз қалуы. 5. Сынып жетекшілердің график бойынша берілген тапсырмаға немқұрайлы қарауы. Берілген жоба жұмыстарын жүйелі жүргізбеуі.

өткізілуі. 7. «Балалар кітапханасы жобасы» 8. «Медиа» жобалар жұмысы 9. Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы 10. Түнгі рейд	6. Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуы атап айтсақ - апталыққа - шебер сыныптарға - тәрбие сағаттарына - мерекелік іс-шараға 7. Оқушылар арасында құқықбұзушылық 8. Сынып жетекшілер мен оқушылар арасындағы жұмысы 9. Күнделік кз сынып сағатының тақырыбы, 1-8 ЖЖЕ, қауіпсіздік сабақтарының атау толтырылмауы.
Мүмкіндіктер 1.Мектебімізде өзін-өзі басқару, мектеп парламент ұйымдарының құрылып, тиянақты жұмыс атқаруы. 2.Мектебіміздегі білім алушылардың отбасы тұрақтылығы, әлеуметтік жағдайының жақсаруы. 4. Дарынды оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу, өзін-өзі таныту, дамыту үшін қолайлы жағдай. 5.Сынып жетекшілердің кәсіби құзыреттілігінің артуы.	Қауіпті 1.Ғаламтор желісінен келетін қауіптер. 2.Көпшілік оқушылардың бойындағы енжарлық, ұялы телефонға тәуелділік 3.Кейбір оқушылардың сабақтан себепсіз қалуы; 4.Сынып жетекші мен ата-ана тарапынан қадағалаудың жоқтығы. 5.Кибербуллинг пен буллингтің алдын алу

Сынып сағаттарын тексеру параметрі:

Сынып	Сынып жетекші	Қмж ҚСС ЖЖ Е	Көрне кілік	Форматы	Апта дәйе ксөзі	Күнд кз толтырылуы
0	Ескендирова Ж.И	+	+	Сынып сағаты	+	-
2	Искакова А.С	+	+	Сынып сағаты	+	+
3	Қыдырбекова Н.Қ	+	+	Сынып сағаты	+	+
4	Шамиганова Д.Г.	+	+	Сынып сағаты	+	+

5-9 сыныптар бойынша саралау параметрі

Сынып	Сынып жетекші	Қмж ҚСС ЖЖ Е	Көрне кілік	Форматы	Апта дәйе ксөзі	Күнд кз толтырылуы
5	Искакова Б.Ж	+	+	Сынып сағаты,	+	сынып сағаты жарияланбаған
6	Бркенова О.Е	+	+, -	Сынып сағаты	+	сынып сағаты жарияланбаған

7	Маженова Ж.А	+	-	Сынып сағаты	+	сынып сағаты жарияланбаған
8	Омарова А.А	+	-	Сынып сағаты	+	сынып сағаты жарияланбаған
9	Шамиганова Г.Қ	+	+	Сынып сағаты	+	сынып сағаты жарияланбаған

Жобалармен жұмыс:

Жоба атауы	Сынып	Жауапты	Форматы
«Қамқор»	8 сыныптар	ДТІЖО Әлеуметтік педагог	Акция
«Шабыт»	1-4 сыныптар	ДТІЖО Музыка, көркем еңбек пән мұғалімдері	Балалар театры
«Смарт бала»	5 сыныптар	ДТІЖО Информатика пән мұғалімдері	Ашық сабақ
«Еңбегі адал жас өрен»	9 сыныптар	ДТІЖО	Пікірталас
«Ұшқыр ой алаңы»	7 сыныптар	ДТІЖО Педагог ұйымдастырушы	Достық кездесу
«Балалар кітапханасы»	6 сыныптар	ДТІЖО Мектеп кітапханашысы	Челлендж

Құқықтық тәрбие: Құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында заңгерлер мен құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесулер ұйымдастырылып, құқықтық білім негіздері бойынша әңгімелер мен түсіндіру жұмыстары өткізілді.

Іс-шара атауы	Саны
Мектепшілік ИДН инспекторымен кездесу	
Құқықтық оқулар	
Құқық фракциясы	
Бірлескен жұмыс	3

Педагог психолог, әлеуметтік педагог	
«Түнгі рейд» кезекшілігі	2
Есепке алынған оқушы (аудан, мектеп)	жоқ

**2024-2025 оқу жылы бойынша мектептің әлеуметтік паспорты
төмендегідей болды:**

№	Әлеуметтік мәртебесі	Отбасы саны	Оқушы саны
1.	Аз қамтылған	2	3
	Толық емес (оның ішінде) :	1	1
	Жалғыз басты ана	1	1
	Көпбалалы	5	14
	Мектеп ішілік есепте тұрған	-	-

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»

Ұлттық құндылықтар: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, тәуелсіздік және отаншылдық, әділдік және жауапкершілік, бірлік және ынтымақ, заң және тәртіп, жасампаздық және жаңашылдық **БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫСТАР**

Жұмыс түрлері Бағыттар	Тәрбие сағаттары	дөңгелек үстелдер	кездесулер	пікірсайыстар	жарыстар	сауалнамалар
Қыркүйек — еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;	4	1				1
Қазан айы — тәуелсіздік және отаншылдық айы;	4	1				1
Қараша айы — «Әділдік және жауапкершілік» айы	4	1		1	1	
Желтоқсан айы — «Бірлік және ынтымақ» айы	3	1		1	1	

Ата – анамен жүргізілген жұмыстар

сыныпта р жұмыстүр лері	Мектеп бойынша	1 сын ып	2 сыны п	3 сыны п	4 сыны п	5 сыны п	6 сыны п	7 сыны п	8 сыны п	9 сыны п
Ата – аналарме н Өткізілге н жиналыст ар	2(кезекте нтыс)	-	3	3	3	3	3	3	3	3

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы бойынша жүргізілген жұмыстар

№	Сыныбы	Тақырыбы	Оқушы лар саны	Ата- аналарға өткізілген сабақ саны	Сабақтың өткізілген формасы	Сабаққа қатысқан ата- аналар саны	Әлеуметтік желідегі жарияланым дағы сілтеме
1	1-4	1.Сапалы ұйқы: балалардың дамуы мен денсаулығыны ң іргетесы 2.Дұрыс тамақтану әдет-ғұрпын құру 1.Назар аударуды дамыту 2.Логикалық ойлауды үйрену		2	офлайн	8	
2	5-9	1.Жасөспірімд ердегі ұйқы: оқуға және мінез-құлыққа әсері 2.Бүкіл отбасы		2	офлайн	7	

		үшін пайдалы рацион 3.Жадыны дамыту 4. Балаңыздың ой- пікірін ояту					
--	--	---	--	--	--	--	--

2024-2025 оқужылы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының аясында өткізілген іс-шаралар өтті.

Мектепте 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие жұмыстарын жүзеге асыру мақсатында жоспарланған іс-шаралар толықтай орындалды. Аталған іс-шаралар оқушылардың білім алуы мен қатар, олардың тұлғалық дамуын және тәрбиесін қамтамасыз етуге бағытталған. Жоспар бойынша өткізілген іс-шаралар төмендегідей:

1. Білім күні – «Мектеп – мейірім мекені!» (1 қыркүйек 2024)

- **Сынып сағаты «Менің Отаным - Қазақстан»:** Бұл іс-шара жаңа оқу жылының басталуына орай өткізілді. Оқушыларға еліміздің тарихымен мәдениеті туралы мәліметтер берілді. Сонымен қатар, сынып жетекшілері мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының жетекшілігі мен салтанатты жиын өткізілді.

2. Қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шаралар (5-15 қыркүйек 2024)

- **«Ұлы даланың – ұлттаралық тілі» онкүндігі:** Бұл кезеңде мектепте тіл мамандары мен оқушылар арасында Қазақстан халқының тілдері күніне орай түрлі шаралар ұйымдастырылды. Тілге құрмет, ұлттардың бірлігі мен достықтың насихаттау мақсатында арнайы көрмелер мен ашық сабақтар өткізілді.

3. «Тіл – елтірегі» - «Оқуға құштар мектеп» көрмесі (6 қыркүйек 2024)

- **Кітапхана ұйымдастырған көрме:** Бұл көрмеде оқушыларға қазақ тілі мен әдебиеті тақырыптары бойынша кітаптар таныстырылды. Оқушылар кітаппен жұмыс жасауға қызығушылық танытты.

4. «Бір сынып – бір кітап» челленджі (Әр айдың соңғы бейсенбі күні)

- **Челлендж аясында оқушылар кітап оқуға ынталандырып,** әр сынып өзіне кітап таңдап оқып, талқылау жүргізді. Мектептің кітапхана қызметкерлері мен сынып жетекшілері оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын арттырды.

5. Отбасы күні – «Отбасы – бақыт мекені» (12 қыркүйек 2024)

- **Әлеуметтік желіде жарияланған бейнеролик:** Отбасының маңызы мен рөлі туралы бейнеролик әзірленіп, мектептің әлеуметтік желісінде жарияланды. Осы

шара аясында ата-аналар мен оқушылар арасында пікір алмасу ұйымдастырылды.

6. Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес (10-13 қыркүйек 2024)

- **Спорт ойындары күні:** Спорттық акциялар мен марафон ұйымдастырылып, оқушылар мен мұғалімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау үшін түрлі жарыстар өткізілді.

7. Қауіпсіздік сабақтары және құқықтық білім беру (16-20 қыркүйек 2024)

- **Жолда жүру ережесін сақтау:** Оқушылар арасында жол қауіпсіздігі бойынша сынып сағаттары өткізілді. Бұл шараға Жол полициясының өкілдері шақырылды.
- **«Сіздің балаңыз жаяу жүргінші»** тақырыбында ата-аналарға құқықтық білім беру шаралары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, апаттық жағдайлар мен қауіпсіздік шаралары туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

8. Еңбекқорлық және оның табысқа әсері (23 қыркүйек 2024)

- **«Еңбекқорлық және табыс»** тақырыбында сынып сағаттары: Оқушыларға еңбекқорлықтың маңызы мен табыстың негізі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (27 қыркүйек 2024)

- Мұғалімдерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында құқықтық білім беру шаралары ұйымдастырылды.

10. Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойына арналған оқырман конференциясы (30 қыркүйек 2024)

- **«Менің атым Қожа» шығармасы бойынша оқырман конференциясы** өткізілді. Оқушылар шығармашылық жұмыс пен танысып, жазушының өмірімен шығармашылығы туралы өз пікірлерін білдірді.

2024 жылдың қазан айында мектепте Тәуелсіздік және отаншылдық айлығына арналған көптеген тәрбиелік шаралар ұйымдастырылды. Бұл шаралар оқушылардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыруға, Отанға деген сүйіспеншілікпен құрметті арттыруға бағытталды. Қазан айында өткізілген іс-шаралар төмендегідей:

1. 1 қазан – Халықаралық Қарттар күні

- **«Ұстаздарға тағзым» жобасы аясында зейнеткер ұстаздарды құттықтау (1 қазан 2024)**
Мектепте зейнеткешыққан ұстаздарды құттықтап, оларға арнайы сый-құрмет көрсетілді. Ұстаздардың қызметі мен еңбегі туралы сөздер айтылып, оларды әлеуметтік желіде құттықтайтын фото жарияланды.

- **Қарттар мен ұстаздар күніне арналған бейнероликтерді дайындау (1-4 қазан 2024)**

Мектеп оқушылары мен мұғалімдері қарттар мен ұстаздарды құттықтаған бейнероликтер әзірледі. Бейнероликтер әлеуметтік желіде жарияланып, көпшіліктің ықыласына бөленді.

- **Дублер күнін ұйымдастыру (4 қазан 2024)**

Мектепте оқушылар өздерінің мұғалімдерінің орнына отырып, сабақ өткізді. Бұл шара оқушылардың жауапкершілігін арттырып, ұстаздық қызметтің маңыздылығын түсінуге мүмкіндік берді.

2. 5 қазан – Мұғалімдер күні

- **«Ұстаздарға мың алғыс!» мерекелік концерт ұйымдастырылды (3-6 қазан 2024)**

Бұл іс-шара барысында оқушылар ұстаздарға алғыс білдіріп, олардың еңбек жолымен мектепке қосқан үлестері жайлы ой-пікірлерін ортаға салды. Тәрбие сағаттары Instagram әлеуметтік желілерінде жарияланды.

3. 24 қазан – Кітапханашылар күні

- **Ұстаздар мен кітапханашыларды құттықтау (24 қазан 2024)**

Кітапханашылар күніне орай мектепте арнайы іс-шаралар ұйымдастырылып, кітапханашы алғыс айтылды.

4. 25 қазан – Республика күні

- **Республика күніне арналған «Гимн орындау» шарасын ұйымдастыру (23 қазан 2024)**

Барлық сыныптарда Республика күніне арналған гимн орындау шарасы өткізілді. Бұл шарада оқушылар өздерінің патриоттық сезімдерін көрсете отырып, еліміздің мемлекеттік гимнін орындады. Іс-шаралар әлеуметтік желіде жарияланып, көпшіліктің назарын аударды.

- **«Республика күні» ертеңгіліктері (21-24 қазан 2024)**

Мектепте Республика күніне арналған әртүрлі ертеңгіліктер өткізілді. Оқушылар еліміздің тарихымен жетістіктері туралы өлеңдермен музыкалық нөмірлер орындап, өнерлерін көрсетті.

5. Қазан айындағы басқа да іс-шаралар

- **«Мен.Отбасым.Отаным» сыныпсағаты (7 қазан 2024)**

Бұл шарада оқушылар өздерінің отбасылары мен Отан туралы ойларын білдіріп, оларды ортаға салды.

- **«Ел рәміздері – ел рухы» интеллектуалды ойыны (8 қазан 2024)**

5-6 сынып оқушылары арасында ел рәміздеріне байланысты интеллектуалды ойын өтті. Ойын барысында оқушылар еліміздің рәміздері туралы білімдерін тексеріп, белсенділік танытты.

- **«Жасұлан» әскериспорттықойыны (9 қазан 2024)**
6-сынып оқушыларарасындаәскериспорттықойынұйымдастырылды. Бұлшараоқушылардыңбірлігіннығайтып, патриоттықтәрбиеберугебағытталды.
- **«Буллингтенқалайқорғанукерек!» сыныпсағаты (14 қазан 2024)**
Оқушыларғабуллингтіңалдыналу туралыдәрістерменталқылауларөткізілді. Ата-аналарменоқушыларарасындабұлмәселегеқатыстықұқықтықбілімберужүргізілді.
- **«Қазақстандакәмелеткетолмағандардыңқұқықтарынқорғау» мұғалімдергеарналғанқұқықтықбілімберу (24 қазан 2024)**
Мұғалімдергекемелеткетолмағандардыңқұқықтарынқорғаумәселелерібойынша құқықтықбілімберушарасыұйымдастырылды.

2024жылдың қарашаайында мектебімізде әділдік және жауапкершілік айлығына орай көптеген маңызды тәрбиелік іс-шаралар өткізілді. Бұл шаралар оқушыларды қоғамда әділдік, жауапкершілік, патриотизм, салауатты өмір салты сияқты құндылықтарға тәрбиелеуге бағытталды.

1-апта: «Әділдік пен жауапкершілік - біртұтас ұғым!»

- **«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» сынып сағаты (4 қараша 2024)**
Барлық сыныптарда адал еңбек пен табыс, азаматтық жауапкершілік туралы сынып сағаттары өткізілді. Оқушылар әділдік, еңбекқорлық және адалдықтың маңызы жайында пікір алмасып, осы құндылықтарды өмірде қалай қолдану қажеттігін талқылады.
- **«Бүгінгі ұрпақ – ертеңгі ұлт тірегі» мектепішілік дебат (7-11 қараша 2024)**
7-9 сынып оқушылары арасында мектепішілік дебат өткізіліп, жастардың өз ойларын ашық айтуға, пікірталас жүргізуге мүмкіндігі болды. Дебат нәтижелері бойынша ең үздік қатысушылар марапатталды, іс-шара туралы фото есеп әлеуметтік желіде жарияланды.
- **Дұрыс тамақтану әдет-ғұрпын құру (1-4 сынып ата-аналарына арналған сабақ, 8 қараша 2024)**
Оқушылар мен олардың ата-аналарына дұрыс тамақтану мен денсаулықты сақтау туралы ақпараттар берілді. Сабақтар 2-9 сыныптар үшін арнайы тақырыптармен өткізіліп, ата-аналарға салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтану маңыздылығы түсіндірілді.

2. 2-апта: «Тура биде туған жоқ!»

- **«15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні» сынып сағаты (11 қараша 2024)**
2-9 сыныптарда Қазақстанның ұлттық валюта күніне орай сынып сағаттары ұйымдастырылды. Бұл шарада оқушылар теңгенің тарихы, маңызы мен еліміздегі қаржылық тұрақтылық жайлы көп ақпаратталды.
- **Ұлттық ойындар жарысы «Асықойыны» (11 қараша 2024)**
5-6 сынып оқушылары арасында ұлттық асық ойыны ұйымдастырылып, жеңімпаздар марапатталды. Ойын барысында оқушылар ұлттық мәдениетті танып, өздерінің физикалық және ақыл-ой дағдыларын дамытуға мүмкіндік алды.
- **«Лудомания, вандализм жазалары, буллинг жауапкершілігі» құқықтық білім беру (15 қараша 2024)**

Оқушыларға лудомания, вандализм және буллинг сияқты мәселелер туралы құқықтық білім беру жүргізілді. Бүліс-шара оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталды.

3. 3-апта: «Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі»

- **«Балалық шақ – зорлық, зомбылықсыз» сыныпсағаты (18 қараша 2024)**
Оқушыларға зорлық-зомбылықтың алдын алу және зорлық-зомбылықсыз балалықшақты қалыптастыру мақсатында сынып сағаттары өткізілді. Бұл іс-шара арқылы оқушылар өз пікірлерін білдіріп, қоғамдағы зорлық-зомбылық мәселелерін талқылады.
- **«Тоғызқұмалақ-дай» ұлттық (19 қараша 2024)**
1-6 сынып оқушылары арасында тоғызқұмалақ ойынынан жарыс өткізілді. Ойын барысында оқушылар ұлттық ойынның ережелерімен танысып, ақыл-ой қабілеттерін сынады. Жарыс нәтижелері әлеуметтік желіде жарияланды.
- **Ата-аналарға арналған құқықтық білім беру «Жасөспірімнің желідегі әрекеті» (22 қараша 2024)**
Ата-аналарға балалардың интернетте әрекет етуі туралы ақпарат берілді. Бұл сабақтарда желіде қауіпсіз болу және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері талқыланды.

4. 4-апта: «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!»

- **«Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері» сыныпсағаты (25 қараша 2024)**
2-9 сыныптар арасында зиянды әдеттер, оның ішінде темекі шегу, есірткі пайдалану, алкоголь тұтыну туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында сынып сағаттары өткізілді.
- **«Адал ұрпақ» клубының жұмысы (26 қараша 2024)**
Мектептің «Адалұрпақ» клубы аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар ұйымдастырылды. Бұл клуб оқушылардың адалдық пен әділдік ұстанымдарын қалыптастыруға бағытталған.
- **Ұлдармен жұмыс «Жақсыдан қашпа, жаманға баспа...» (28 қараша 2024)**
Ұлдар мен кездесу ұйымдастырылып, оларға жақсы қасиеттер мен адамгершілік құндылықтар туралы дәрістер өткізілді. Іс-шара барысында ұлдардың мінез-құлқы, салауатты өмір салты мен дұрыс қарым-қатынас мәселелері қарастырылды.
- **«Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» СПИД-ке қарсы акция (29 қараша 2024)**
СПИД-тің алдын алу туралы акция ұйымдастырылып, оқушыларға бұл аурудың қауіптілігі мен оның алдын алу жолдары туралы ақпарат берілді. Акция әлеуметтік желілерде жарияланып, үлкен қолдау тапты.
- **Мұғалімдерге арналған құқықтық білім беру «Жас өспірімдердің желідегі әрекеттері» (29 қараша 2024)**
Мұғалімдерге интернет қауіпсіздігі және балалардың желідегі әрекеттері туралы құқықтық білім беру шарасы өткізілді.

2024 жылдың желтоқсан айында мектепте Бірлік және ынтымақ айы аясында көптеген тәрбиелік және білім беру іс-шаралары ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралар

оқушылардың ұлттық құндылықтарға, ел тәуелсіздігіне, адамгершілікке және заңды сақтауға деген көзқарастарын қалыптастыруға бағытталды. Желтоқсан айында өткізілген іс-шаралар төмендегідей:

1. 1-апта: «Бірлігі күшті ел озады»

- **«Ар-ұят және жауапкершілік» сынып сағаты (2 желтоқсан 2024)**
Барлық сыныптарда ар-ұят пен жауапкершілік туралы сынып сағаттары өткізілді. Оқушыларға адалдық, ар-намыс, жауапкершілік ұғымдарының маңызы түсіндірілді.
- **«Тәуелсіз елдің нышандары» интеллектуалды-танымдық сайысы (4 желтоқсан 2024)**
5-8 сыныптар арасында өткен интеллектуалды сайыста оқушылар еліміздің тәуелсіздігін, ұлттық символдарын тереңірек зерттеді. Сайыс нәтижесі әлеуметтік желілерде жарияланды.

2. 2-апта: «Ынтымақ жүрге жерде ырыс бірге жүреді»

- **«Тәуелсіздік – елімнің еркіндігі» сынып сағаты (9 желтоқсан 2024)**
2-9 сыныптарда Тәуелсіздік күніне орай сынып сағаттары өткізілді. Оқушыларға Тәуелсіздіктің маңызы, ел тарихы, ұлттың еркіндігі туралы ақпарат берілді.
- **«Буллинг», «Кибербуллинг» тақырыбында құқықтық білім беру (13 желтоқсан 2024)**
Оқушыларға буллинг пен кибербуллингтің теріс әсері мен оның алдын алу жолдары түсіндірілді. Бұл іс-шара әлеуметтік желілерде жарияланып, үлкен қызығушылық тудырды.
- **«Жеңісмізді Тәуелсіздікке арнаймын!» спорттық жарыс (13 желтоқсан 2024)**
8-9 сыныптар арасында спорттық жарыс сұйымдастырылды. Жарыс нәтижесінде жеңімпаздар марапатталып, іс-шара әлеуметтік желілерде жарияланды.

3. 3-апта: «Бірлік болмай тірлік болмас»

- **«Көктудың желбірегені» сурет байқауы (11-15 желтоқсан 2024)**
2-4 сыныптар арасында өткен сурет байқауында оқушылар өздерінің шығармашылыққа танытып, мемлекеттік рәміздер мен Тәуелсіздіктің маңыздылығын бейнеледі.
- **Тәуелсіздік күніне арналған бейнероликтер (15-16 желтоқсан 2024)**
Оқушылар Тәуелсіздік күніне арнап бейнероликтер жасады. Бейнероликтер әлеуметтік желілерде жарияланып, мектеп қауымдастығының жоғары баға сыналды.
- **«Отаншылдық және оның мәні» сынып сағаты (16 желтоқсан 2024)**
Сынып сағатында оқушыларға отаншылдық, елге қызметету және тәуелсіздіктің қадір-қасиеті туралы дәрістер оқылды. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, тәуелсіздікті бағалаудың маңыздылығын түсінді.

4. 4-апта: «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған»

- **«Ұлдармен жұмыс: Нашақорлық және құқық бұзушылық» (27 желтоқсан 2024)**
Ұлдар мен өткен бұл кездесу барысында нашақорлықтың зияны, құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары талқыланды. Бұл іс-шара әлеуметтік желілерде жарияланды.
- **«Төрлет, төрлет, Жаңажыл!» жаңа жылдық шырша (25-27 желтоқсан 2024)**
2-9- сыныптар арасында жаңа жылдық шырша ұйымдастырылып, оқушылар көңілді мерекелік шаралар мен ойындарға қатысты.
- **Жаңа жылдық бейне құттықтаулар (31 желтоқсан 2024 - 1 қаңтар 2025)**
Оқушылар мен мұғалімдер арасында жаңа жылға арналған бейне құттықтаулар жасалып, әлеуметтік желілерде жарияланды.

✓ **Оқушылар мектеп формасын сақтайды, діни теріс ағымды қолдайтын оқушы, отбасы елді мекенде тіркелмеген. Діни киім кию болған жоқ.**

Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізу. Биылғы оқу жылында біртұтас бағдарламасы бойынша 6 жоба енгізіліп, іске асырылып келеді.

Олар:

«Қамқор» жобасы, «Еңбегі адал жас өрен» жобасы, «Смарт бала» жобасы, «Шабыт» жобасы, «Ұшқыр ой алаңы» жобасы, «Балалар кітапханасы» жобасы.

Мектеп бойынша жасалып келе жатқан жұмыстар:

Қамқор жобасы бойынша:

Жобаның мақсаты:

«Қамқор» волонтерлік жобасы қоғамға пайдалы қызметтерді ұйымдастыру арқылы көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсету, жастардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыру және волонтерлік мәдениетті дамыту мақсатында өткізілді.

Жобаның сипаттамасы:

Әлеуметтік жағдайы төмен және ерекше күтімді қажет ететін адамдарға қарт адамдарға көмек көрсету

Қоршаған ортаны қорғау мақсатында сенбілік және жасыл желектер отырғызу

Іс-шаралар саны:4

Қамту (Охват):

Білім алушы – 34

Ата-ана - 8

Педагог -12

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша:

Білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу

- Жоба аясында атқарылған шаралар сандық/сапалық көрсеткіш
- Іс-шаралар саны-4

Қамту (Охват):

Білім алушы – 34

Ата-ана -8

Педагог -12

«Смарт бала» жобасы бойынша:

Инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу .

- Жоба аясында атқарылған шаралар сандық/сапалық көрсеткіш
- Іс-шаралар саны 2

- Қамту (Охват):
Білім алушы – 23
Ата-ана
Педагог 3
- Жоба мақсаты: Балаларға заманауи технологиялар мен цифрлық дағдыларды үйрету, олардың сыни ойлау қабілеттерін дамыту, шығармашылық жұмыстар жасауға бағыттау.
- Мектеп бойынша атап көрсететін жоба атауы: «Ақпараттық әлемінде», 7-8-оқушылары, жетекші Омарова Айгерім Амангелдіқызы

«Шабыт» жобасы бойынша:

Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.

Жоба аясында атқарылған шаралар сандық/сапалық көрсеткіш

- Іс-шаралар саны: 4
- Қамту (Охват):
Білім алушы – 34
Ата-ана 3
Педагог 8

Мектеп бойынша атап көрсететін жоба атауы: жоба атауы “Мектеп театры”, (қараша, наурыз), “Ұлттық мәдениет”, көрмесі (қазан, наурыз) “Даналық ұстаздан” челленджі (қазан) “Ананың аялы алақаны” челленджі (наурыз) қатысып, жұмыстарын атқарды. Жетекшілері: Шамиганова Д.Г..

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы бойынша:

Мақсаты: тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу. Дебат, зияткерлік ойындар.

- Жоба аясында атқарылған шаралар сандық/сапалық көрсеткіш
- Іс-шаралар саны-4
- Қамту (Охват):
Білім алушы – 34
Ата-ана 2
Педагог 5

Мектеп бойынша атап көрсететін жоба атауы: Мектеп үстіміздегі оқу жылында 4 пікірталас ойыны өткізіп, оқушыларды сөз мәдениетінің қалыптасуына баулып, әртүрлі өзекті тақырыптарды талқылау арқылы мәселелерді шешу жолдарын анықтады.

Жоба авторы Шамиганова Г.К 87057410176

«Балалар кітапханасы» жобасы:

Мақсаты: кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру

- **Жоба аясында атқарылған шаралар сандық/сапалық көрсеткіш**
- Іс-шаралар саны: 3
- Қамту (Охват): 34
Білім алушы – 34
Ата-ана -3
Педагог -5

Мектеп бойынша атап көрсететін жоба атауы: мектеп кітапханашысы жұмыс жасайды. Бұл жобада “Кітаптар айналымы” акциясы (жыл бойына) “Әдеби кеш, кітап кейіпкерлерінің байқауы, көрмелер (желтоқсан, маусым) ұйымдастырылды. “Шын жүректен кітап сыйла” акциясы (ақпан) қатысып, ұстаздар, оқушылар мектеп кітапханасына кітаптар сыйлады..

Жоба жетекшісі Есқақова Б.Ж. 87077493031

Алдын алу шаралары:

«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы- 3 іс-шара

- Буллингтен қорған! – 3 іс-шара
- Ойынға салауатты көзқарас – 3 іс-шара
- Өмірге салауатты қадам – 2 іс-шара
- Қоғамдық мүлікті қорға! – 3 іс-шара
- Қауіпсіз қоғам - 2 іс-шара

Мектебімізде «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы бойынша тәрбие сағаттарында «Буллингтен қорған» атты 5-9 сыныптар аралығында онлайн сауалнамаға жауап берді. Мектеп медбикесі Шаримова Б.Х мен кездесу жасап, оқушыларға зиянды әдеттерден аулақ болу, жыныстық тиіспеушілік туралы ақпараттар берілді. «Қауіпсіз қоғам» бойынша 5-9 сыныптар арасында дөңгелек үстел және тренингтер жүргізілді.

Қауіпсіздік шаралары:

2024-2025 оқу жылында оқушылармен әрбір сынып сағаттарында 10 минуттық сабақтар өтіліп, оқушыларға жол қауіпсіздігі, бөтен адамдардан сақтану, өрт, су, жер сілкіну, табиғи апаттардан қалай қорғану, терроризм мен экстремизммен қорғану, күзгі, қысқы, көктемгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары түсіндіріліп отырды.

Күнделікті, апталық және айлық шаралардың өтуі:

Соның ішінде:

күнделікті:

- «Үнемді тұтыну» бойынша атқарылған шаралар күнделікті өзі-өзі басқару ұйымымен бірігіп суды, жарықты үнемді пайдалануға кеңестер беріледі.
- «Күй күмбірі» мектепте пайдаланылады (күнделікті үлкен үзілісте күй ойналады).
 - “Ұлттық ойын-ұлттық қазына” үзіліс кезінде ұлттық ойындар ойналады.
 - Өнегелі 15 минутта ата-аналар күнделікті өмірде балаларымен 15 минут жеке әңгімелеседі.

Апта:

Әр дүйсенбіде сынып сағатында “Менің Қазақстаным” Әнұран орындалады. Әр апта дәйексөздер сыныптарда тақтаға ілініп, оқушылармен талқыланып отырады. Қауіпсіздік сабағы сынып сағаттарын кіріктіріліп, 10 минутта арнайы уақыт бөлініп, жол, өмір қауіпсіздігі т.б қарастырылады.

Ай сайын: әр сайын құндылықтарға бағытталған іс-шаралар жоспар бойынша орындалып келеді.

Жыл сайын:

• «ДосболLIKE» – буллингтің/әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу.

• «Әншуақ» – білім алушылар арасында қазақ тіліндегі әндерді насихаттауға бағытталған балалар әндері фестивалін өткізу.

• Мектеп парламентінің президентін сайлау – қазан айының үшінші сенбісі.

- «Күй күмбірі» домбырашылар челленджі – Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау .

Ата-аналарды қолдау орталығы:

2024-2025 оқу жылы ата-аналарды қолдау орталығы ЦППР (жұмысы жалғасуда) . Қамтылған ата-аналар саны -23. АППҚО-ның 14 отырыс өткізілді. Орталық аясында психологлық кеңестер,тренингтер мен семинарлар. Ашық сұхбаттар мен кездесулер өтті.

№	Іс шаралар	Ата-аналар саны 2023-2024ж	Ата-аналар саны 2024-2025гг
1	Ата-аналар жиналысы	4	4
2	Ата-аналарға арналған тренингтер	10	17
3	Жекелей ата-аналармен кеңес	8	9
5	Ата-аналар мен оқушылар арасында өткен іс шаралар	8	9

«Даналық мектебі» жұмысы:

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының негізінде балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым қатынасын күшейту, сондай ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту барысында 2023-2024 оқу жылынан бастап «Даналық мектебі» ұйымдастырылып, ата-аналардың қолдауымен мектебімізде «Әжелер клубы» ашылып жұмыс жасауда. «Әже даналығы» айдарымен балаларға тоқыма тоқу, жіп иіру, сырма сыру, көрпешелер тігу тәсілдері, биссермен жұмыс жасау түрлерін және әртүрлі ұлттық тағамдар жасау жолдарын үйрету мақсатында ұйымдастырылды. Оқушылар бұл үйірмелерден ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып, осы істердің қыр-сырын үйренуде. Клуб жетекшісі:Шамиганова Д.Ғ.

Ақпараттық және медиа қолдау:

Аудандық сайттарда, әлеуметтік желілердегі белсенділік, жариялымдар саны, қамту Біртұтас тәрбие бойынша интернет желісіне барлық өткен іс шаралар жарияланып отырылады.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы

Жүзеге асыру барысындағы қиындықтар

Оқушылар санының аздығы.

Туындаған қиындықты көрсету

- Ата-аналардың тәрбиелік жұмысқа белсенді араласпауы
- Оқушылардың әлеуметтік желіге тәуелділігі
- Мектеп пен отбасы арасындағы байланыс әлсіздігі
- Уақыт тапшылығы мен мотивация жетіспеушілігі

Туындаған қиындықтарды шешу жолдары:

Оқушы санының аздығына қарамай «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асырып келеміз.

Шешу жолын көрсету:

- Ата-аналармен тығыз байланыс орнату (жиналыстар, онлайн чаттар)
- Цифрлық сауаттылықты арттыру, әлеуметтік желіні тиімді қолдану жолдарын үйрету
- Отбасы мен мектептің бірлескен іс-шараларын ұйымдастыру
- Тәрбие сағаттарын қызықты форматта өткізу (ойын, дебат, жобалар)

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша жұмыстар жоспар бойынша атқарылып келеді.

«Өзін өзін-өзі басқару» ұйымы

Педагогикалық ұжым оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту міндетіне ерекше назар аударады. Мектеп деңгейінде аға тәлімгердің басшылығымен мектеп Парламенті жұмыс істейді.

19 қазанда мектеп сайлау учаскесінде мектеп президенті лауазымына кандидат болып көпшілік дауыспен 8 сынып оқушысы Қалымжан Бекзат сайланды.

Дәстүр бойынша мектептің өзін-өзі басқару күні өтті. Өзін-өзі басқару күні - жоғары сынып оқушыларының ересек өмірдің нақты жағдайларына барынша жақын, күні бойы білім беру процесін қамтамасыз етуге жауап беретін ортада өз билігін сынап көру мүмкіндігі. Іс-шаралар барысында тақырыптық желі мен сынып сағаттары өткізілді.

Оқу жылы бойы оқушылардың өзін-өзі басқару мүшелері сыртқы келбетін, мектеп формасын, оқулықтарын, аяқ киімдерін ауыстыру бойынша рейдтер жүргізді. Әр сынып алдын ала келісілген кесте бойынша мектепте кезекшілікте болды. Дүйсенбі күні әр сыныпта мектептегі кезекшілік үшін мінез-құлықтың нәтижелері туралы айтылды.

Мектеп тәжірибесі көрсеткендей, өзін-өзі басқару кеңесі мүмкіндігі шектеулі балалардың жеке мүмкіндіктерін ашу үшін жағдай жасайды. Мектептің өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысу, балалар бірқатар әдеттер мен дағдыларға, қабілеттерге ие болады.

Өзін-өзі басқару мүшелері жалғыз тұратын қарт адамдарға (зейнеткерлерге) көмек көрсетеді. Бұл бөлшекті іске асыру адамгершілік сезімді тәрбиелеуден, ересек адамға көмекке ұмтылудан тұрады.

Соңында мұғалімдер күніне арналған концерт өткізілді, өткізілген іс-шаралар туралы ақпарат мектептің сайтында және әлеуметтік желілерде (Facebook, Instagram және т.б.) жарияланды.

Ұлттық тәрбиені іске асырудың нәтижесі өз ұлтының, өз халқының лайықты өкілі, өз тілін, тарихын, адамгершілік, рухани, отбасылық, еңбек дәстүрлерін, басқа халықтардың мәдениетін білетін және құрметтейтін, басқа ұлттардың өкілдерімен диалогқа және өзара іс-қимылға дайын адам ретінде Қазақстанның болашақ азаматы тұлғасының негізі ретінде білім алушылардың белсенді азаматтық ұстанымы, патриоттық сана-сезімі болып табылады.

https://www.instagram.com/p/C_ZtRKrRJ2m/?img_index=1&igsh=MWZnbGFiZml2emU3dg==

https://www.instagram.com/reel/C_Zzk_gxZGK/?igsh=cjNqaTBucmJscmIx

https://www.instagram.com/p/C_dBzDxO-cB/?igsh=eXY5MTl6ZDBtNHY

https://www.instagram.com/p/C_fmbQlsGMH/?igsh=MWZveGl0aGE5ZDd6dg=
https://www.instagram.com/reel/C_hhDeRsN1F/?igsh=YXhmaXFnN3JkZ3o2
https://www.instagram.com/p/C_kqg4EOlTG/?igsh=eGF2ZGZ1dGc2a2xx
https://www.instagram.com/p/C_zl2FTODmi/?igsh=MWMMyYXdudXNkZ2Ewdw==
<https://www.instagram.com/reel/DAFuE3JuDVT/?igsh=cHllankydzQwZ3Rs>
<https://www.instagram.com/p/DAQRq5aMh1a/?igsh=MWdheW5na25jNnlsdg=>
<https://www.instagram.com/p/DAA3G4JOnow/?igsh=MTBqNXE1Yjl3b2ZzMQ==>
<https://www.instagram.com/p/DAnfxl8v9oh/?igsh=Z2o5Mm1qOXI5ajRr>
<https://www.instagram.com/reel/DAP4H4xxEJO/?igsh=aTc5dWk5YXVuNHBx>
<https://www.instagram.com/reel/DAP90C8xyIB/?igsh=MWR6NzU1dWJoMjNrag>

==
<https://www.instagram.com/p/DA48zlLsfFd/?igsh=OTY0d3hyZzU4djBo>
<https://www.instagram.com/reel/DA7pqh5OdIJ/?igsh=MTFjcDZobzVhZjZqbA==>
<https://www.instagram.com/p/DBQRQ53u1nE/?igsh=MWNicTU3NG05Ym05MA==>

<https://www.instagram.com/p/DBajtkpuJJM/?igsh=MTF1N3UzOHlwNmJ4cA==>

<https://www.instagram.com/reel/DBf9ta9xqVM/?igsh=MWJ1NmW1NzZ5dHFzZ>
w==

<https://www.instagram.com/reel/DBgAgxtRNx8/?igsh=MXhveGlxeHRLbDk4bQ=>

=
<https://www.instagram.com/p/DCKJd8Ns5Xd/?igsh=N2Y1dmJiNzJrNmox>

<https://www.instagram.com/p/DC0jxaLoyrl/?igsh=MW9xaTVkbndhMDF3Zw==>

<https://www.instagram.com/p/DDEIYLesiW3/?igsh=MTQwZjhidWNnMTh3Yg==>
<https://www.instagram.com/p/DDJskMQs6GF/?igsh=MTJtcGJwMGR4Nnc5cg==>
<https://www.instagram.com/p/DDWVLMlumTN/?igsh=cjA0YWRnazA5NGw5>
<https://www.instagram.com/p/DDePaHDs4Ij/?igsh=MXI0cTRobTFxbW8wcQ==>
https://www.instagram.com/reel/DD8_1Z0sUe2/?igsh=MXA0aW52a2M3aThtMw==
https://www.instagram.com/p/DEMNsReo_yw/?igsh=eWR2emswN2Y2ZmZk
https://www.instagram.com/p/DFfGf0PxK_1/?igsh=aG1qaXZycW84ZWJw
https://www.instagram.com/p/DFJ_KI6MZ9h/?igsh=dWUzY2R0aWx2OHVz
<https://www.instagram.com/reel/DFeuRT5un1J/?igsh=MThjMnk3MGF0bzF0cA==https://>

https://www.instagram.com/p/DFe_bZcsEQt/?igsh=Z3Z2cWUzcGh5dmVy

<https://www.instagram.com/reel/DFiLiW8smqM/?igsh=MWRza3RsZDh5OXVnYhttps://w>
<https://www.instagram.com/p/DF7SVprOvLI/?igsh=OWEzZmlrMG5sZ3Jlhttps://www.instagram.com/re>
<https://www.instagram.com/reel/DHFh7UWogQT/?igsh=MWwxZmQwd2JwbWN>

<https://www.instagram.com/reel/DHQeagHMrBe/?igsh=ZGlhdDQ4Nm5sb2Mx>
<https://www.instagram.com/reel/DHS-xSrsNkb/?igsh=MTgwYnJsdDZybGdiOQ=>
<https://www.instagram.com/p/DHVw062Mj2V/?igsh=MWtuM2FiM253azc0Mg=>
<https://www.instagram.com/p/DHXyno-Muoq/?igsh=MWhhcnhoMXlnaWxiZA==>
<https://www.instagram.com/reel/DHaQZESsHrL/?igsh=MW5xbnNzdHJ1dnpeA=>
<https://www.instagram.com/reel/DINuECPMGda/?igsh=MWM3eG1oZDFqMmJwMw==>
https://www.instagram.com/reel/DIN_vqAMtjF/?igsh=MW1laW1jdDBtYXg0aQ=
<https://www.instagram.com/p/DIKrETHoDIz/?igsh=MTBocHdvdlz2bmVmcw==>

**Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі» КММ 2022-2024 оқу жылдарындағы
үйірме жұмыстарының есебі.**

Жас ұрпақ тәрбиесі адамзаттың барлық кезеңінде ғасырлар бойы дамып, өз шешімдерін тауып келеді. Мектеп өмірінде мұғалім – басты тұлға. Мектеп мұғалімі балаларды оқытып қана қоймайды, сонымен бірге оларды тәрбиелейді.

Тәрбие тек сабақ берумен ғана шектелмейді, ол сабақтан тыс уақытта да жалғаса береді және тереңдетіле түседі. Сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік іс – әрекет әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс болып жүргізіледі. Оны белгілі бір сағатпен, сабақпен шектеуге болмайды. Оқушының бос уақытын тиімді өткізу мен балаға жақсы тәрбие беруде оқыту сабақтарына қарағанда, сабақтан тыс жұмыстар мен мектептен тыс жұмыстардың алатын орны ерекше. Сонымен қатар оқушының бос уақытын тиімді пайдалану үшін ең алдымен олардың қандай пайдалы іспен шұғылдануды ұнататындығын, қабілеттерін зерттеп біліп алуымыз керек. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастырғанда, оларға дұрыс бағыт беріп отыру керек. Өйткені бос уақытты тиімді пайдалану ұйымшылдыққа, мейірімділікке, сыйластыққа, қамқорлыққа үйретеді.

Оқушыларға арналған шахмат үйірмесі жұмыс істейді. Шахмат үйірменің жұмыс жасау кестесі бекітілген жоспар бойынша жүргізіледі.

Үзіліс кезінде барлық сыныптағы балалар шахмат, тоғызқұмалақ ойнап, кітап оқиды. Каникул мезгілінде шаңғы, шана, жарыстар, жазда алаңқайға волейбол, баскетбол немесе басқа да бірігіп ойналатын ойын түрлері, ұйымдастырылады

Балаларды кішкентайынан тәрбиелеудің әдіс – тәсілдерінің бірі шығармашылыққа жүгіну. Әсіресе, бастауыш сыныптың балалары өздерінің жас шамаларына қарай ертегі, аңыз әңгімелерді, батырлар туралы жырларды сүйсініп оқиды. Балаларға ертегілер оқып беріп, кітапқа деген қызығушылықтарын арттыруға тырысамыз.

Ұстаздар ұйымы, ата – аналар, бүкіл жұртшылық балалардың бос уақытын өміріне пайдалы тәрбиелік мәні болатындай етіп, өткізуге көмектесу керек. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру оңай мәселе емес екендігі анық. Мұның қиындығы балалардың бос уақытын ұйымдастыру тәсілдерінің сан қилылығына байланысты. Мектепте оқушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемэстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында оқушылардың қызығушылықтарын ескере отырып мұғалімдердің бастамасы бойынша үйірмелер жоспарланды.

Мектеп үйірмелердің жұмыс кестесі

2024-2025 оқу жылы

Үйірме және спорттық секциялардың сабақ жоспары қыркүйек айында тексеріліп, мектеп директорымен бекітілген. Үйірме мен секция жетекшілері жоспар бойынша жұмыстарын жүргізуде.

Осы үйірмелер арқылы, оқушыларды өнерге баулып, эстетикалық талғамын дамытып, қабілеттерін арттырып, іскерлік дағдыларын қалыптастыру жолында жұмыс жүргізіп жатырмыз.

«Шахмат» үйірмесінің өтілу кестесі

Сынып тар	Дүйсенбі сағ.16.00	Сейсенбі сағ.16.00	Сәрсенбі сағ. 16.00	Бейсенбі сағ. 16.00	Жұма сағ. 16.00	жауапты
5						Бркенов К.Б

6						Бркенов К.Б
7						Бркенов К.Б
8						Бркенов К.Б
9						Бркенов К.Б

«Шахмат» үйірмесінің өтілу кестесі

Сыныптар	Сейсенбі сағ.11.00	Сәрсенбі сағ. 11.00	Бейсенбі Сағ. 11.00	жауапты
2				Бркенов К.Б
3				Бркенов К.Б
4				Бркенов К.Б

Қорытынды: Екінші тоқсан бойынша атқарылған жұмыстар мектеп оқушыларының тәрбие деңгейін арттыруға ықпал етті. Тәрбиелік іс-шаралар балалардың рухани, әлеуметтік, патриоттық, мәдени дамуына ықпал етіп, олардың тәртібі мен белсенділігіне оң әсерін тигізді. Үшінші тоқсанға бағытталған жоспарлар мен мақсаттар бекітілді.

Ұсыныстар:

- Оқушылардың сабақтан қалу, кешігу көрсеткішін азайту
- Тәртіп мәселелерін бақылауды және оқушылармен алдын алу жұмысты жалғастыру.
- Сынып сағаттарын әртүрлі форматта ұйымдастыру
- Медиа жобаларды белсенді ұйымдастыру

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Шамиганова Д.Г.